

6D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша (PhD) докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау» атты Оралбекова Алия Курбановнаның диссертациясына рецензенттің ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы Ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және Ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Инклюзивті білім беру жүйесі қазіргі кезде өзінің ғылыми негіздері мен әдіснамасын жетілдіруге ұмтылуда. Ол әдіснаманың басты ерекшелігі сонда, бұл сала бойынша бала - оқытуды қажет ететін, бірақ түрлі қажеттілік деңгейлері бар жеке тұлға. Инклюзивті білім беру түрлі деңгейде оқи алатын түрлі ерекшеліктері бар балаларды қанағаттандыруға икемді болып келетін тәсілді зерттеуде.

Арнайы білім беруді қажет ететін балалар туралы мәселесі күні бүгінге дейін қазақстандық білім беру жүйесінде ауқымды түрде талқыланып, арнайы зерттеу пәні ретінде қарастырылмай келеді. Ерекше топқа жататын балалардың жалпы білім беру ортасына кіріктіру туралы ғылыми зерттеулер жеткіліксіз немесе жоқтың қасы. Осы ретте, инклюзивті білім беру жүйесін ұйымдастырып, оның міндеттерін жүзеге асыратын оқушымен бірге маңызды орын алатын тұлға - мұғалімді жан-жақты даярлау мәселесі де өзектілікпен күн тәртібіне қойылады. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру мен осы жүйеде қызмет ететін педагогтерді арнайы даярлау – әлі де болса толыққанды игерілмеген тың сала. Осы саланың тұжырымдамалық негіздерін және оны іске асырудың білімдік, ғылыми, оқу-әдістемелік, практикалық және ағартушылық тетіктерін зерттеу - қазіргі күн тәртібіндегі өзекті мәселе.

Инклюзивті білім беру жүйесі қазіргі кезде өзінің ғылыми негіздері мен әдіснамасын жетілдіруге ұмтылуда. Ол әдіснаманың басты ерекшелігі сонда, бұл сала бойынша бала - оқытуды қажет ететін, бірақ түрлі қажеттілік деңгейлері бар жеке тұлға. Инклюзивтік білім беру түрлі деңгейде оқи алатын түрлі ерекшеліктері бар балаларды қанағаттандыруға икемді болып келетін тәсілді зерттеуде.

Осымен де байланысты, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «...Бесіншіден, мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық қорсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады. Мүмкіндігі шектеулі адамдар тұрмыстық қызмет көрсету, тағам өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жұмыс істей алады», - деп мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсетіп, олардың оқып-білім алуына, еңбек етуіне мүмкіндік туғызу керек екендігіне баса назар аударды. Осы ретте, мүмкіндігі шектеулі балалардың заманауи талаптарға сай білім мазмұнын меңгеруін қамтамасыз ету үшін, оқыту барысын дәстүрлі ұйымдастыру

модельдеріне бейімдемей, керісінше, қалыпты дамып келе жатқан, дамуы баяу, дарынды, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтан тұратын оқушылардың әрқайсысына бейімделе алатын оқыту жүйесін құруға бетбұрыс жасалуы керек.

Осы бағытта А.К.Оралбекованың жұмысы бірқатар сұрақтарды және мәселелерді шешуге арналған еңбек.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған нәтижелер мен қорытындылардың шынайылық дәрежесі диссертацияның мазмұнынан көрінеді. Еңбектегі ғылыми сілтемелер мен тұжырымдар нәтижелерді дәйектеуде соңғы жылдарда жарық көрген жетекші ғалымдардың ғылыми пікірлері негізге алынған. Ізденушінің жеке тұжырымдары мен тиісті қорытындылар жасалған.

Бірінші нәтижесінің негізделуі және шынайылық дәрежесі – ізденушінің инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдердің АКТ даярлығын қолданудың теориялық негіздерін саралауда нормативтік құжаттар мен ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып негіздегендігінде және жеке ойын тұжырымдап, өзіндік теориялық қорытындылар жасай білгендігінде.

Екінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі - инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін АКТ қолданудың даярлығын психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін айқындауында және оған сипаттама беруінде.

Үшінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін АКТ қолдануға даярлығының құрылымдық - мазмұндық моделін жасап, өлшемдері мен көрсеткіштерінің деңгейлерін айқындауда және оның әдістемелік ұстанымдарын ашып көрсетуінде.

Нәтижесінде «Бастауыш білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану» арнайы курсының бағдарламасын түзіп, оның мазмұнын түрлі тапсырмалармен толықтыра түскен және «Бастауыш білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану» арнайы курсы ұсынған. Аталған курс мазмұнында инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін АКТ қолдануға даярлығының тиімді әдістері нақтыланып, әдістемесі жасалған.

Төртінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – ұсынылған әдістеме эксперимент жүзінде тексеріліп, нәтижелеріне талдау жасалынып, тиімділігі дәлелденуі және оның оқу үдерісіне ендірілуі зерттеу жұмысының шынайылық дәрежесін көрсетеді.

Жүргізілген кешенді зерттеу жұмыстарының нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптар аясындағы ғылыми ережелердің деңгейіне сәйкес орындалған.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Ғылыми-зерттеу жұмысында тұжырымдалған ғылыми қорытынды мен нәтиженің жаңалығы бірнеше қырынан танылады:

- «инклюзивті білім беруде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің АКТ қолдану даярлығы» ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың мүмкіндіктерін ескере отырып, ақпараттық-коммуникациялық білім беру ортасына ерте кіріктіру арқылы инклюзивті жағдайда оқытуды, тәрбиелеуді, дамытуды жүзеге асыруының оңтайлы және тиімді етін пайдалану алу даярлығы мен қабілеттілігі деп анықтама берілген;

–инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану даярлығының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері айқындалған;

–инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің АКТ-ны қолдану даярлығының құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған;

–инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің АКТ-ды қолдану даярлығының әдістемесі жасалып, оны жоғары оқу орындарына оқу үдерісіне енгізу бойынша ұсыныстар берілген.

Жұмыста «Бастауыш білім беруде АКТ-ны қолдану» арнайы курсының бағдарламасы жасалған оны ары қарай жетілдірудің маңызды қырлары анықталған. Инклюзивті білім беру туралы пікірлер сараланып, оның зерттелу, қалыптасу жолдары анықталған. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мамандарды оқытудың инновациялық әдістемесінің ұсынылуы зерттеу жұмысының жаңалық деңгейі мен қолданымдық құндылығын айқындай түседі. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін АКТ-ны қолдануға даярлау тәжірибесі бойынша қорытынды жасалып, сол бойынша әдістеменің эксперименттік нәтижелері мен жетістіктері тұжырымдалған. Жалпы алғанда, диссертацияның ғылыми нәтижелері мен қорытындылары ғылыми жаңалық дәрежесі талапқа сай. Ізденушінің тұжырымдары, жұмысының нәтижелері ғылыми жұмыстың тараулары мен тараушаларында нақты көрсетілген. Жұмыста болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ЖОО-да оқытудың эксперименттік тәжірибелерімен қатар теориялық талдау арқылы негіздеу жолдары айқындалып, оны жоғары білім беру үдерісінде оқыту әдістемесі ұсынылған.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы.

Қазақстанда инклюзивті білім беру үдерісі келешек ұрпақтың оқу-тәрбиелік жұмыстарына үлкен жауапкершілікпен қарап, осы бағыттағы іс-шараларды өрістете жүргізудің қажеттілігін туындатып отыр. Осы орайда Оралбекова Алия Курбановнаның «Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау» тақырыбындағы зерттеу еңбегі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ЖОО-да оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындауда, инклюзивті білім беру жағдайында АКТ-ны

қолданудың ғылыми-теориялық, тәжірибелік әдістемесінің қалыптасуына үлкен ықпал етеді. Зерттеудің теориялық нәтижелері педагогикалық бағыттардағы мамандықтарда, ЖОО-ға арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жасауға ықпалын тигізеді. Зерттеу жұмысы нәтижелерін бастауыш білім беруде, ЖОО-да «Инклюзивті білім беру негіздері», «АКТ-ны оқыту әдістемесі» «Информатика» пәнінен дәріс, семинар сабақтарында, өздік жұмыстарда, факультативтік сабақтар мен секцияларда, бастауыш сынып мұғалімдерінің білімін жетілдіру курстарында пайдалануға болады. Диссертанттың жүргізген зерттеу нәтижелерінің қорытындысы педагогика, психология, АКТ-ны оқыту әдістемесі, Инклюзивті білім беру негіздері пәндерінің жақын келешектегі зерттеу жұмыстарына оң ықпал етеді.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша барлығы 24 ғылыми жұмыс жарық көрген. Оның ішінде 6 мақала - ҚР БҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 мақала - Scopus базасына енген шетелдік басылымда, 3 мақала - шетелдік ғылыми журналдар басылымында, 4 мақала - халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында, 5 мақала - алыс-жақын шет елдік халықаралық конференция материалдары жинақтарында, 1 мақала - республикалық ғылыми журналда, 1 мақала - ғылыми мақалалар жинағында, 2 – «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» оқу-әдістемелік кешен (оқулық, оқушы дәптері, әдістемелік нұсқаулық) А.К.Оралбекованың жүргізген ғылыми зерттеулері диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес және қол жеткізген мәліметтері шынайы.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

1. Диссертациялық жұмыстың 1.2 тармақшасында қарастырылған инклюзивті білім беру жағдайындағы қалыпты балалармен мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық ерекшеліктері жайлы шет қазақстандық ғалымдардың еңбектеріне көбірек талдау жасалынса, диссертациялық жұмыс мазмұны тереңірек ашыла түсер еді.

2. Болашақ мамандардың АКТ даярлығын қалыптастыруға байланысты тәжірибелік – эксперименттік бөлімінің 176 беттегі 17 суретінде берілген білім алушылардың дайындық деңгейі бағалауының балл көрсеткіштері нақтырақ көрсетілсе.

3. Зерттеу жұмысында бірқатар грамматикалық қателер кездеседі, олар әріп түсін қалуы, сөйлемнен соң бос орын қалдырылмауы, сөз арасына орын қалдырылуы, сөз тіркестерін бөліп жазу сипатындағы қателіктер орын алған.

Аталған кемшіліктер жұмыстың құндылығын төмендетпейді.

7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

Оралбекова Алия Курбановнаның қорғауға ұсынып отырған «Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің талаптарына сәйкес орындалған. Қорытып айтқанда, аталған диссертациясы үшін Оралбекова Алия Курбановна 6D010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп бағалаймын.

Пікір беруші:

Х.Досмұхамедов атындағы

Атырау мемлекеттік университетінің

ғылым жөніндегі проректоры,

педагогика ғылымдарының кандидаты



С.Н. Идрисов